**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы**
**Білім беру саласы:** «Шығармашылық» **Оқу қызмет түрі:** Музыка
**Желтоқсан айы. Өтпелі тақырып:** «Менің Қазақстаным»

| | | |
|---|---|---|
| **Тақырыбы:** | | |
| **Күні:** 6. 12. 2021ж 9.12.2021ж | **Менің Отаным** 2 сағат | |
| **ТОП:** | **Ересек топ** | |
| **ҰОҚ-нің мақсаты:** | Табиғи дауыспен әнді таза айтуға, шығарманы сезіне білуді үйренеді. Әнді сезіну арқылы Отанды сүю, қастерлеуді Біледі. | |
| **Күтілетін нәтиже:** | **Барлық балалар:** Музыка тыңдау және орындау барысында өз сезімдері мен толғаныстарын сипаттай алады. Балаларға арналған ұрмалы музыка аспаптарында (дыбыс жоғарылығы айқындалмаған) жеке және ансамбльде күрделі емес ырғақтық суреттерді ойнай алады.<br>**Көпшілік балалар:** Қарапайым әуендерді сүйемелдеусіз таза интонациямен айта алады.<br>**Кейбір балалар:** Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз таза интонациялап, есту қабілетіне сүйеніп ән сала алады. | |
| **Тілдік мақсат:** | **Балалар:** Туған жері, қаласы, ауылы туралы әңгімелейді. Отан, Қазақстан туралы тақпақ-өлеңдер айтады<br>Көптілділік: көңілді – веселый<br>**Негізгі терминдер мен сөз тіркестері:** Ашық-жарқын, мұңды, салтанатты.Пікір алмасу сұрақтары:<br>Біздің Отанымыз қандай? Елордамыз Астана туралы не білесің? | |
| **Өткен ҰОҚ-нен алған білім** | Төмен-жоғары, қысқа-ұзын дыбыстарды ажыратады. Үйренген әндерді еркін орындайды. | |
| | **ҰОҚ өтілу барысы** | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
| **І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>0-2 минут<br>**Ұйымдастыру**<br>3-5 минут | **«Марш»** (А. Затаевич) әуенін ойнатып, балаларға әуен екпінін сезіне жүруді ұсынады.<br>Бір, екі, үш!<br>Бойға жинап күш.<br>Шыныгасыз таңертең,<br>Ағалардай Отанға<br>Ұлан болам мен ертең!<br>Тізені жоғары көтере нықбасып, арқаларын түзу ұстауларын қадағалайды.<br>Балаларға түрлі түстіжалаушалар береді. | отан туралы суреттер, нота хрестоматиясы<br>Әдіс – тәсілдер: 4К моделі, бала үні, креативтілік. Ән тыңдау. Дауыс жаттығуы. |

| | | |
|---|---|---|
| ҰОҚ-нің ортасы<br>**III. Тақырып бойынша жұмыс**<br>.......... минут | ***Ән тыңдау: «Отан -ортақ үйіміз»*** *(Д.Ботбай, Е. Өтетілеуұлы).*<br>*Ашық сұрақтар.*<br>*- Бұл әннің көңіл күйіқандай?*<br>*- Ән мазмұнында не туралыайтылады?*<br>*- Сен өз Отаныңды жақсы көресің бе? - деген сұрақтар қою арқылы балалардың Отан туралы түсінік-ұғымын кеңейте түседі.*<br>*Дауысымыз әдемі,*<br>*Шықсын созыла.*<br>*Әндетейік енді біз.*<br>*Бірге қосыла!*<br>***Дауыс жаттығуы:«Алтын күн».*** *Дауысырғақтарына мән беретыңдалады.*<br>*Айтылым. Тыңдалым*<br>***Ән үйрену: «Менің Отаным»*** *(Ө.Байділдаев,Б.Ысқақов).*<br>*Әнді таныстырып, балаларкомпозиторы Ө.Байділдаев туралы әңгімелейді, суретінкөрсетеді.Әнді орындап, сипатын,мәтінін әңгімелеуге ықпалетеді.*<br>*- Ән не туралы?*<br>*- Сендерге ән ұнады ма?Бірге айтуды ұсынады.*<br>*Қысылып еш саспайық,*<br>*Қызық ойын бастайық!*<br>*Мзмұнм арқылы саралау, сыни ойлау, бала үні, тікелей бақылау*<br>*Айтылым. Тыңдалым*<br>***Ойын: «Тақия тастамақ».*** | |
| **IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия**<br>............ минут | *Кері байланыс*<br>*Ашық сұрақтар.*<br>*Балаларға шеңбер бойымен жайғасып отыруды ұсынады.*<br>*- Туған жерің қандай?*<br>*- Қай қалада тұрасың?*<br>*- Отан туралы қандайтақпақ білесің?*<br>*Балаларға сұрақтар қойып,оқу іс-әрекетін бекітеді.*<br>*Бала үні* | |

Тексерілді: [signature] Баранова Ж.Б.

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы**
**Білім беру саласы:** «Шығармашылық» **Оқу қызмет түрі:** Музыка
**Желтоқсан айы.** **Өтпелі тақырып:** «Менің Қазақстаным»

| | | | |
|---|---|---|---|
| **ҰОҚ Тақырыбы:** | | **Мен Отанды сүйемін** | |
| **Күні:** | 13.12. 2021ж<br>20.12.2021ж | 2 сағат | |
| **ТОП:** | Ересек топ | | |
| **ҰОҚ-нің мақсаты:** | Музыканы тыңдау және орындау барысында өз сезімдерін айта алады. | | |
| **Күтілетін нәтиже:** | **Барлық балалар:** Музыка жанрларын (күй, ән, би, марш) ажырата алады.<br>**Көпшілік балалар:** Музыканы тыңдау және орындау барысында өз сезімдері мен толғаныстарын сипаттай алады.<br>**Кейбір балалар:** Музыкалық шығарманың сипатына (көңілді, салтанатты, қуанышты, ашық-жарқын, көңілсіз, мұңды, қайғылы), қарқынына, динамикасына, ырғақтық суретіне сәйкес ән сала алады. | | |
| **Тілдік мақсат:** | **Балалар:** Отаны, тұратын жері туралы әңгімелейді. Туған жері, елі туралы тақпақ-өлеңдер айтады.<br>Көптілділік: салтанатты – торжественный<br>**Негізгі терминдер мен сөз тіркестері:** Ашық-жарқын, мұңды, салтанатты.<br>**Пікір алмасу сұрақтары:**<br>Өз туған жеріңе деген қандай тілектерің бар?<br>Естіген әуенді қалай сипаттар едің? Туған жеріңнің табиғатын суреттен бер. | | |
| **Өткен ҰОҚ-нен алған білім** | Төмен-жоғары, қысқа-ұзын дыбыстарды ажыратады.<br>Үйренген әндерді еркін орындайды, алған әсерлерін, толғаныстарын еркін сипаттайды, әңгімелейді. | | |
| | **ҰОҚ өтілу барысы** | | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | | **Ресурстар** |
| **І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>0-2 минут<br>**ІІ. Ұйымдастыру**<br>3-5 минут | **Музыкалық сәлемдесу.**<br>Балаларға кезекпен допты лақтыру арқылы сұрақтар қойылады, жауаптары тыңдалады. Әңгіме өткізеді:<br>– Сен қай мемлекетте тұрасың?<br>– Қазақстанның қандай қалаларын білесің?<br>– Отан, туған жер туралы қандай ән білесің<br>Сыни ойлау, бала үні. Ашық сұрақтар | | Отан туралы суреттер<br>**Әдіс-тәсілі:** 4К командада жұмыс, бала үні, саралау, жаппай бақылау. Музыка тыңдау. |
| **ҰОҚ-нің ортасы**<br>**ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс**<br>....минут | **Музыка тыңдау:** «Керуен» (муз. К. Дүйсекеев). – Керуен деген не, білесің бе? – Керуенге қандай жануарлар қолданылады? – Бұл шығарманың қарқыны қандай? – Неліктен жай, асықпай орындалады деп ойлайсың?<br>Тыңдалым.<br>**Ән айту:** «Отаным» (муз. мен сөзі | | |

| | | |
|---|---|---|
| | *Д. Қиқымов).*<br>*Отан – туған еліміз,*<br>*Отан – туған жеріміз.*<br>*Отан – ортақ үйіміз,*<br>*Көңілді ән мен күйіміз. (Е. Өтетілеуұлы) Өлеңді оқып, Отан туралы түсініктерін кеңейту. Әнді орындаудан алған толғаныстарын, сезімдерін әңгімелеп берулерін сұрау. Әнді еске сақтауға қалыптастыру. Әнді көңілді, қуанышты, салтанатты орындауға үйрету. Әннің мәтінін, сөздерін екпінде орындалатынын ерекше атап айту. Көңілді – веселый*<br>*Сыни ойлау, бала үні, креативтілік, өнім арқылы саралау.*<br>*Айтылым. Тыңдалым.* | |
| **IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия**<br>*.........минут* | *Туған жеріңнің табиғаты мына суреттердің қайсысына ұнайды? Сүйікті Отаныңды, туған жеріңді сүю деген не? Достарыңа әңгімелеп бер.*<br>*4 к моделі, бала үні*<br>*Өнім арқылы саралау Жетелеуші сұрақтар арқылы бақылау*<br>*Бүгінгі ұоқ туралы балалардың пікірлерін тыңдау. Ұоқ балалардың көмегімен қорытындылау, бағалау.*<br>*– Егер ұоқ қызықты өтті деп ойласаң қолды жоғары көтеріп шапалақтау.* | |

Тексерілді: Б/ Баракова М.Б

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы**
**Білім беру саласы:** «Шығармашылық» **Оқу қызмет түрі:** Музыка
**Желтоқсан айы. Өтпелі тақырып:** «Менің Қазақстаным»

| | | |
|---|---|---|
| **ҰОҚ Тақырыбы:** | **«Гүлдене бер, Астанам»** | |
| **Күні:** | **23. 12. 2021ж** | 1 сағат |
| **ТОП:** | **Ересек топ** | |
| **ҰОҚ-нің мақсаты:** | Музыка ырғағын сезіну, түрлі сипаттарды ажырата отырып, музыканың динамикалық және қарқындық өзгерістерін түсінеді. | |
| **Күтілетін нәтиже:** | **Барлық балалар:** Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз таза интонациялап, есту қабілетіне сүйеніп ән сала алады.<br>**Көпшілік балалар:** Қарқынды (жылдам, баяу), динамиканы (қатты, ақырын), регистрді (жоғары – құс, орташа – қоян, төмен – аю) ажырата алады.<br>**Кейбір балалар:** Таныс би элементтері мен қозғалыстары негізінде оларды араластыра отырып немесе өз қозғалыстарын ойдан шығарып суырыпсалма би орындай алады. | |
| **Тілдік мақсат:** | **Балалар:** Елордамыз Астана туралы білгендерін әңгімелейді.<br>Астана туралы тақпақ-өлеңдер айтады.<br>Көптілділік: Астана – столица<br>**Негізгі терминдер мен сөз тіркестері:** Әуеннің динамикасы, жоғарғы регистр, Бәйтерек, елорда.<br>**Пікір алмасу сұрақтары:**<br>– Әуеннің ырғағы әртүрлі болады. Неліктен деп ойлайсың?<br>– Дыбыс қандай болады? (шулы және музыкалық)<br>– Әннің әуеніне қандай би қимылын ойлап табар едің? | |
| **Өткен ҰОҚ-нен алған білім** | Қарапайым әуендердің ырғағын ұрмалы аспаптармен ойнайды.<br>Таныс әндерді сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке және бірге еркін, таза орындай алады. | |
| | **ҰОҚ өтілу барысы** | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
| **I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>0-2 минут<br>**II. Ұйымдастыру**<br>3-5 минут | Жетекші балаларды<br>**«Көңілді марш»**<br>ырғағымен күтіп алады.<br>Жаттықтырып денені,<br>Жаттығуды бастаймыз.<br>Бәр-екі, бір-екі,<br>Адымдап біз жүреміз, - деп | Тақырыпқа сай суреттер<br>**Әдіс-тәсілдер:** 4К моделі:музыка тыңдау, |

| | | |
|---|---|---|
| | ***«Музыка ырғағымен жаттығамыз»*** *ырғақты қыймылдар жасайық.*<br>*Сәлемдесу жаттығуың жалғастырады.*<br>*Балалар пойызға отырып, Астанаға барып келейік. РЭП ырғағымен әндете:*<br>*Гүлдене бер, Астана!*<br>*Пыш, пыш, пыш, пыш.*<br>*Астанамыз – бас қала!*<br>*Гу-гу-гу-гу.*<br>*Жасай берсін кең дала !*<br>*Бір, екі, үш, төрт,*<br>*Тоқтатамыз пойызды,*<br>*Пыш, пыш, пыш, пыш.* | |
| *ҰОҚ-нің ортасы*<br>***ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс***<br>*...... минут* | ***Музыка тыңдау: «Асқақтаған, Астана!»***<br>*(А. Әлиев, Н.Айтұлы) әнін тыңдайық. Әннің мазмұнына, әуеніне, ырғағына көңіл бөлейік.*<br>*-Астана қандай қала?*<br>*-Әннің сипатын ажырат?*<br>***4 к моделі, бала үні. Мазмұн арқылы саралау***<br>***Пед жетекшілігмен ойын: «Сипатын ажырат».*** *Бала саны бойынша айналмалы дөңгелек*<br>*Балалар суретке немесе тақтаға қарап, Астана туралы қысқаша фильм көреді.*<br>*Балалар әнді тыңдайды. Астана - әдемі,жаңа қала. Шығармаларды тыңдап, сипаттарын ажыратуға тырысады.*<br>***Дауыс жаттығуы:***<br>***«Менің елім»***<br>*(Г. Абдрахманов) әнін бірнеше рет айту.*<br>***Ән үрету: «Бәйтерек» (Б.Әлімжан,*** *Ж. Маханбетова).*<br>***Билеп үйренейік: «Қара жорға»*** *балаларды тұрғызып, би қыймылдарын көрсетеді.*<br>*Балалардың қыйалына байланысты би жарысын ұйымдастырылады көңілді,*<br>*Әнді бірінші тыңдап алып, сұрақтарға жауап береді.*<br>*Әнді анық айтуға, бірдей бастап бірге бітіруге тырысады.* | |

| | | |
|---|---|---|
| | *Балалар өз орындарына тұрып, би қимылдарын қайталайды.*<br>*Буындарын еркін қозғауға тырысады.*<br>***Бала үні 4 К моделі*** | |
| ***IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия***<br>*.... минут* | *Кері байланыс.*<br>***Музыканы тыңдаған ұнай ма?***<br>***-Сендер өте жақсы ән салып, би биледіңдер.***<br>*Балалардың жауаптар тыңдалады.* | |

Тексерілді: Баранова Ж.Б

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы**

**Білім беру саласы:** «Шығармашылық» **Оқу қызмет түрі:** Музыка

**Желтоқсан айы.** **Өтпелі тақырып:** «Менің Қазақстаным»

| | | |
|---|---|---|
| **ҰОҚ тақырыбы:** | | |
| **Күні:** 27. 12. 2020ж. | Қыс қызығы | |
| **ТОП:** | 1 сағат | |
| | **Ересек топ** | |
| **ҰОҚ-нің мақсаты:** | Әуен сазына ілесе қыс көріністерін қыймыл – қозғалыспен бейнелей біледі. | |
| **Күтілетін нәтиже:** | **Барлық балалар:** Музыкалық шығармалардың қарапайым формаларын, яғни кіріспесі мен қайырмасын ажырата алады.<br>Қарапайым әуендерді сүйемелдеумен таза айта алады.<br>**Көпшілік балалар:** Балаларға арналған ұрмалы музыкалық аспаптарда жеке күрделі емес ырғақты суреттерді ойнай алады.<br>**Кейбір балалар:** Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеусіз таза интонациялап, есту қабілеттеріне сүйеніп ән сала алады. | |
| **Тілдік мақсат:** | **Балалар:** Айнала қоршаған орта туралы әңгімелей алады. Толық жауап беруге дағдыланады, пікірталасқа атсалысады.<br>Көптілділік: қар – снег<br>**Негізгі терминдер мен сөз тіркестері:** Ырғақ, кіріспе, қайырма, ансамбль, жай және жылдам, асықпай, тез.<br>**Пікір алмасу сұрақтары:**<br>Музыкада жылдамдықтар әртүрлі болады, неліктен деп ойлайсың? Музыканы тыңдай отырып не елестетесің? Қыс мезгілі саған ұнай ма? Қыста ойналатын қандай ойындарды білесің? Сырғанақта ойнаған саған ұнай ма? | |
| **Өткен ҰОҚ-нен алған білім** | Балалар өткен сабақтарда айтқан өлеңдерінен педагогпен бірге қысқаша попурри айтады. | |
| | **ҰОҚ өтілу барысы** | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
| **I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>0-2 минут<br>**II. Ұйымдастыру**<br>3-5 минут | Шеңбер бойында жеңіл қыймылмен жүгіреді. Шаттық шеңберін құрады.<br>Қыс келді, қыс мұз – қарлы,<br>Қыраулы да ызғарлы.<br>Қыс келді, қыс боранды,<br>Қырат көрпе оранды.<br>Қыс келді, қыс мықты анық,<br>Қайтсе де біз ықпадық.<br>Қыс келді, қыс уайым ба,<br>Қандық біздер ойынға!<br>Қыс туралы өлеңді ынтамен тыңдап, өлең туралы түсініктерін жеткізеді.<br>-Қазір жылдың қай мезгілі? | Тақырып бойынша суреттер.<br>**Әдіс –тәсілдер:** Ашық сұрақтар, түсіндіру, көрсету, Кубизім әдіс |

| | | |
|---|---|---|
| | *-Өлеңде не туралы жазылған?*<br>*-Қыста табиғатта қандай құбылыстар болады?*<br>*-Қыс мезгілінің ұнайтын, ұнамайтын жақтарын атаңдар.*<br>*Мазмұн арқылы саралау, блум таксономиясы, сыни ойлау, бала үні.* | |
| *ҰОҚ-нің ортасы*<br>***III. Тақырып бойынша жұмыс***<br>*........ минут* | ***Ән айту: «Қыс қызығы»***<br>*(И. Нүсіпбаев, Е. Өтетілеуұлы).*<br>*Әнді музыка жетекшісі орындап береді.*<br>*-Әнде не туралы айтылған?*<br>*-Қандай көңіл күйде?*<br>*Мәтінін әуенге қосылып үйрену.*<br>*Сыни ойлау, креативтілік, бала үні.*<br>***Ойын: «Қасқыр мен көжек».***<br>*Музыканы тыңдай отырып,әр аңдарға тән музыканы ажырата білу. Жеңіл, көңілді көжектер қаһарлы да ашулы қасқыр музыкасы естілісімен қашуға дайын болу.*<br>*Командада жұмыс, бала үні.*<br>***Би: «Қасқыр мен қояндар».***<br>*Көрініс би («Билеп үйренейік»).*<br>*Түсініктеме бойынша қимыл жасап, әуенді ырғақпен үйлестіре би қимылдарын жасау.*<br>*Әнді тыңдай отырып, қандай жыл мезгілі туралы айтылғанын әңгімелейді.*<br>*Өнім арқылы саралау, сыни ойлау бала үні.* | |
| ***IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия***<br>*....... минут* | *Бүгін қандай жыл мезгілі туралы ән үйрендік?*<br>*-Ән сендерге ұнады ма?*<br>*-Қорытындылау, бағалау, марапаттау.* | |

Тексерілді: [signature] Баранова ж.б